

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:

В НОМЕРЕ:

Қайырсыз жұма

Шахматный турнир памяти Сапелкина Александра

Филипповича, посвященный 85-летию со дня его рождения

Человек высокой морали и безупречного принципа

Тиімді әріптестік

Қазақ брайлінің атасы – Ақан Қасымов

Охрана зрения и профилактика зрительных заболеваний

Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами

Иметь свой взгляд

6(110)

2023



Өмірі – өнеге,

ісі – үлгі

Международная
онлайн-конференция



Сапелкин А.Ф.



Международная онлайн-конференция
посвященная

85-летию со дня рождения
Сапелкина Александра Филипповича

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

НОЯБРЬ

Ноябрь – 125 лет со дня рождения видного государственного деятеля Жургуенова Темирбека Караевича (1898-1937)

13 ноября – Международный День слепых

15 ноября – День национальной валюты РК и профессиональный праздник работников финансовой системы страны.

ДЕКАБРЬ

1 декабря – День Первого Президента РК

12 декабря – 95 лет со дня рождения Народного писателя Кыргызстана и Казахстана Айтматова Чингиза Турекуловича (1928-2008)

16 декабря – День Независимости РК (1991)

17 декабря – 100 лет со дня рождения писателя, переводчика Утебая Канахина (1923-1990)

24 декабря – 95 лет со дня рождения писателя, драматурга, театрального критика, Народного писателя Казахстана Калтая Мухамеджанова (1928-2001)

ӘДЕБИЕТ - ЛИТЕРАТУРА

Қайырсыз жұма

Әлдеқалай жүрегі қыжылдады. Асқазаны болар. Студенттік кезден қалған гастриті бар. «Дегенмен, дәрігер шақыртса қайтер еді» деген ой келді басына. «Апыр-ау, дәрігер бар екен ғой, оны қалай ұмытып кеткенмін» деп іштей тіпті қуанғандай болды. Бірақ дәрігерді еске алуы мұң екен, тісі де, асқазаны да бірте-бірте басыла бастағандай болды. Жалпы үйде отырғанда бір жері ауырса, дәрігердің алдына барғанда жазылып кететін әдеті барды. Дәрігер әр жер-бір жерін сипалап, «қалай, ауырып тұр ма» деген-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

де, «жок» деп амалсыз мойындауға тура келетін.

Бойы сәл-пәл тыныстап еді, кезек менікі дегендей, уайым қайта оралды. Уайымның басы – «енді не істеуім керек» деген жауабы жоқ сұрақ еді. Не шаруа күйттеп, не көрген-білгенін кітап қылып жазып, ел қатарына қосылатын бірде-бір қасиеті жоқ екен. Тіпті министр болғаннан басқа ештеңе қолынан келмейтін секілді. «Енді қайттім?» – деді ол торығып. Мұң шағатын ешкім жоқ. Бәрі де әдіре қалды. Әлдеқандай бірдеңе санасында көлбеңдеп, «мұңдасатын, сырласатын мен бар» деп, өзінің бар екенін сездіргендей болады. Әлгі «бардың» не екенін түстеп айыра алмай тұрды да, ақыры таныды. Онысы – өзін өмір бойы құл қылған, арына да, жанына да кісен салған, бауырдан, достан айырған, елден айырған тақсыр Қызмет екен. Енді ол да жоқ. Мынау тұрған оның көлеңкесі ғана...

Ішкі әлемінде дауыл қайта басталды. Үйлерді қиратып, теңіздерді арнасынан шығарып, бөгеттерді бұзатын, елді мекенді топан суға қарық қылатын дүлей дауыл. Ол өз ішінен осындай бір апатты сезді. Қайтуы жоқ, дауасыз апат.

Әлдебір өкініш секілді жетім сезім көңіл түкпірінде адасып жүрген секілді. «Әттеген-ай! – деді ыңырсып. Оны жаны қиналып айтты ма, тәні қиналып айтты ма – өзі де айыра алмады. Тегі, екі ауру қосылып кеткенге ұқсайды.

Асқазанының қышқылы көбейді-ау – қыжыл күшейіп кетті. Сірке суын ішкендей қолқасына дейін ашытып, тесіп барады. Бұл бір тоқтамайтын, басылмайтын ұшы-қиыры жоқ күйзеліс болды.

Әбен өзінің түсетін жерінен өтіп кеткен пойыздағы жолаушының сезіміндей бір күйде: «Қап, манадан бері дәрігер шақыртуға болатын еді-ау!» – деп ойлады. Енді қазір жыланға арбалған бақадай аурудың ықпалынан шыға алмай жатыр. Қозғалғысы келеді – қозғала алмайды, сөйлегісі келеді – үні шықпайды. Әбеннің жан тері шықты. Беймәлім дерт ағаш кескен арадай төзімін жұқартып, біржола тауысуға жақындап қалған секілді.

Әйелі, бала-шағасы өзінен бөлініп, қол жетпейтін, дауыс жетпейтін жерге алыстап барады. «Әттеген-ай!» – демек болды,

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

тағы да үні шықпады. «Өкінішті...»

Кенет әлдекім өзегін ыстық темірмен күйдіріп өткендей болды да, Әбен есінен танды. Тек осы азаптың немен бітсе де, тезірек біткенін тілеп үлгерді.

Әбеннің инфарктан қайтыс болғанын хатшы сенбі күні таңертең жұмыста отырып естіді. Кеше кешкілік өз алдынан сапсау кеткен адамның қалай өліп қалғанына түсінбей:

– Қалайша, қалайша? – дей берді абыржып.

– Түн ортасында ұйықтап жатқан кезде болған секілді. Отбасы да бүгін таңертең бір-ақ біліпті, – деді ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі мемлекеттік құпияны айтқандай сыбырлай сөйлеп. – Маған ауруханадан осы әлгінде телефон соқты. Екіншіге хабарладым. Қазір өзі де шақырып қалар.

Хатшы тым-тырыс, ұзақ отырды. Қалтасынан дәрі алып ішті. Хатшының денсаулығын өзінен кем білмейтін көмекшісі дәрігер шақыртты. Дәрігер осылай боларын біліп, дәлізде күтіп тұрғандай, лезде келді. Қан қысымын өлшеп, жүрегін тыңдап болғаннан кейін, ауруханаға жатқызбақ болды. Хатшы келіспеді.

Министрдің өліміне байланысты құрылған комиссияны өзі басқарды. Жер алу, оркестрге заказ беру, жаназа асына қаражат бөлу, мекемелерден венка әкелдіру, туған жеріндегі мектепке, қаладағы бір көшеге марқұмның атын беруді арнайы қаулыға кіргізу тағы басқа шаруалардың бәрін мұқият қадағалады.

Хатшының жалғыз бауырын жөнелтіп жатқандай мынау іске аянбай кіріскенін жұрт үлкен адамгершіліктің белгісі деп таныды.

Келесі күні өзінің көмекшісін ертіп, хатшы көңіл айтуға Әбеннің үйіне келді. Марқұмның отбасы қазаның құдіретін мойындап, оның орнын өлікке жұмсаған қызметтерімен толтырғысы келгендей кіріп-шыққан кісілерді күтіп, тыным таппай жүгіріп жүр.

Марқұмның қара жамылған әйелі көзіне жас алғаны болмаса, дауыс қылып жылаған жоқ. Әбеннің қазасын естіп, хатшы ауырып қалыпты дегенді естіген болатын.

Көңіл айту рәсімінен кейін, марқұмды жөнелту шаралары төңі-

регінде бірер сөз болды. Қаралы әйел хатшыға рақметін айтуды ұмытқан жоқ. Бүкіл зиялы қауым, қалың ел қабырғалары қайысып, қайғыға ортақ болып жатыр екен. Әсіресе, Үлкен кісінің хабарды естісімен, іссапарын тастап, әдейі келгенін, таңертең үйге кіріп шыққанын айтқанда осыны өзіне зор бедел, мақтаныш тұтатынын жасыра алмады.

– Дәм-тұз таусылып тұрса, оған кім араша бола алады? – деді әйел тағдырдың бұйрығына келіскен бір үнмен. – Кешеден бері бұған да үйрендік. Шүкірлік еттік. Әйтеуір мынандай қызметте жүріп кеткенінің өзі жұбаныш секілді. Әйтпесе, осынша үлкен құрмет болар ма еді... – Әйел тағы да көзіне жас алды.

Қабырғада қара лентамен көмкерген Әбеннің суреті тұр. Сәл жымыып түсіпті. Кешеден бергі оқиғаның осылай болып аяқталғанына өзі риза болып тұрған секілді.

Хатшы суретке ұзақ қарады. Оның өзімен ең тағдырлас, өзіне ең жақын адам екенін қалай байқамағанына іштей қайран қалды. Сол сәтте келесі өлім кезегі өзінікі екенін сезгендей, жүрегі болар-болмас шым етті.

Төлен Әбдікұлы

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

2023 жылдың қазан айының 26-27 жұлдызы аралығында «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-де жыл сайынғы дәстүрлі шара «Ашық есік» күндері өткізілді.

Шараның мақсаты: келушілерді кітапхана қызметімен таныстыру, зағип қызметкерлердің жұмыс орындарын көрсету, кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту және кітапханашы мамандығының мәртебесін көтеру.

Айтулы күндері кітапханаға Алматы қаласындағы «Жоғары медициналық колледжі», Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері, Қазақ спорт және туризм академиясының студенттері мен кітапханашылары, Халықаралық Инновациялық Технологиялар университетінің директоры, Нұр-Мүбәрак университеті, Қазақ

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ұлттық аграрлық университетінің кітапханашылары, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы, А.П. Чехов атындағы кітапхана, №4 кітапхана, Alatau Creative Hub кітапханасы, Қазақстан Жазушылар кітапханасы мен Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері, сондай-ақ, «Билайн» компаниясының қызметкері және де «Мысль» журналы мен «Дружные ребята» газетінің редакциясынан журналистер келді.

«Ашық есік» күндері аясында кітапхана фойесінде «ЗНКААРК» РММ-нің кітап қорындағы әдебиеттерден дайындалған «Ерекше жандарға ерекше кітаптар» көрмесі және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында дайындалған «ҚР тарихи және мәдени ескерткіштері тактильді кітапта» атты тактильді кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапхана бөлімдері бойынша экскурсия жүргізіліп, келушілер жайпақ баспа қаріптегі мәтінді Брайль қарпіне аудару және оны пайдаланушылар үшін басып шығару процесімен, зағип мамандардың жұмыс орындарымен (тифлокомплекс) таныстырылды. «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінің қызметкерлері ісшара барысында негізгі жұмыс процесін көрсетті. Экскурсанттар арнайы бағдарламалармен (Adobe Audition, Jaws Windows, Duxbury BrailleTranslator (DBT)), сондай-ақ Брайль принтерімен (Braille Vox V5), Брайль дисплейімен (focus Blue 40) танысты.

Кітапхананың жеке қызмет көрсету бөлімінің залында режиссер Қалила Омаровтың «Темірбек Жүргенов» деректі фильмі мен «Легенда №17» фильмдерінің көрсетілімі өтті. Екі фильм де зағип және нашар көретін оқырмандарға арналған тифлотүсініктеме арқылы көрсетілді.

Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімінің қызметкерлері келушілерді оңалту кабинетінің жұмысымен таныстырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды ортаға бейімдеу туралы ақпараттар берді. «Саусақ ұшындағы әлем» тифлоқұралдар көрмесімен таныстырып, «Біздің басылымдар» атты бөлімде шығарылатын биобиблиографиялық материалдар

мен библиографиялық көрсеткіштермен таныстырды.

Шара барысында «Қазақ соқырлар қоғамының» құрметті мүшесі, зағип ақын Владимир Венедиктович Ивановскийдің 85 жылдығына орай «Дороги в поэзию» сериясымен шығарылған өлеңдер жинағының тұсаукесері өткізілді. Сондай-ақ, ақынның еңбектері, яғни, өлең жинақтарынан дайындалған «Где жизнь, там и поэзия» атты мерейтой көрмесі таныстырылды.

27 қазан күні сағат 14.00 «Өнегелі өмір» жобасы аясында, «Өнер өрімдері» әдеби-мәдени клуб мүшесі, I-II Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты, «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері, дәстүрлі әндерді орындаушы - Бауыржан Құмарбековке арналған шығармашылық кеш өтті.

Шараға 238 адам қатысты.

Дайындаған Шамшиева Зарина

Шахматный турнир памяти Сапелкина Александра Филипповича, посвященный 85-летию со дня его рождения

14 – 15 октября 2023 года в городе Алматы состоялся турнир по шахматам среди инвалидов по зрению, посвященный памяти Сапелкина Александра Филипповича, почетного члена КОС. В нём приняли участие 11 незрячих шахматистов (7 мужчин и 4 женщины).

Цель турнира – пропагандировать жизнь и деятельность незрячего шахматиста Александра Филипповича Сапелкина, популяризировать интеллектуальную игру «Шахматы». Ведь шахматы – один из наиболее доступных видов спорта для незрячих и слабовидящих людей.

Организовали мероприятие: Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан РК, Фонд инвалидов по зрению «Комектес» и «Союз слепых спортсменов Казахстана». Спонсорами выступили: сын Александра Филипповича – Александр и другие организации Алматы.

Перед началом турнира почтили память минутой молчания. Своими добрыми воспоминаниями об Александре Филипповиче

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

делились Махсут Джумабеков, Геннадий Никифоров, Мариям Иминова и Сара Абибулаева, которые отметили большой его вклад в развитие культуры и спорта среди инвалидов по зрению нашей страны, а Назира Курмашева и Бахтияр Базарбеков вспоминали своего учителя, который учил их не только играть в шахматы, но и быть пунктуальными, честными и добропорядочными людьми.

Александр Филиппович потерял зрение в возрасте 13-ти лет в результате несчастного случая. С золотой медалью окончил школу, имел два высших образования. Он был первым директором Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан РК, в трудные 90-е годы создал благотворительный фонд инвалидов по зрению «Комектес». Был кандидатом в мастера спорта по шахматам, защищал честь нашей республики в составе сборной команды КОС, выступая в республиканских, всесоюзных и международных соревнованиях, два раза становился чемпионом Казахстана среди незрячих шахматистов, воспитал многочисленных учеников по шахматам и шашкам. В 2008 году за заслуги в развитии физической культуры и спорта среди инвалидов по зрению Александр Филиппович награждён Почётным знаком «Қазақстанның құрметті спорт қайраткері» Министерства туризма и спорта Республики Казахстан.

Александр Филиппович всю свою сознательную жизнь самоотверженно трудился во благо людей, добиваясь доступной, лучшей жизни для лиц с ограниченными возможностями. Даже во время пандемии коронавируса он обучал на компьютере по скайпу зрячих детей игре в шахматы. Его не стало 20 марта 2022 года. Светлый образ Александра Филипповича навсегда останется в нашей памяти.

В шахматном турнире в результате упорной борьбы места распределились следующим образом:

Среди женщин: I место заняла Любовь Виноградова, II место – Назира Курмашева и III место – Нурия Баймуратова.

Среди мужчин: I место занял – Алибек Токабаев, II место – Нурадил Кенжебеков, III место – Махсут Джумабеков.

Все призёры турнира были награждены Почётной Грамотой и денежными призами.

Судьями турнира были: Молдир Назарова и Максим Ристович.

Сара Абибулаева

Человек высокой морали и безупречного принципа

21 ноября текущего года Республиканская библиотека для незрячих и слабовидящих граждан провела Международную онлайн-конференцию «Человек высокой морали и безупречного принципа», посвященную 85-летию со дня рождения основателя и организатора сети специальных библиотек для незрячих и слабовидящих граждан Казахстана, первого директора Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан РК Сапелкина Александра Филипповича.

На Международной онлайн-конференции приняли участие руководители и специалисты специализированных библиотек Республики Казахстан, коллеги из Российской Федерации, представители неправительственных организаций г. Алматы.

Цель мероприятия: увековечить имя Александра Филипповича Сапелкина, почетного члена Казахского общества слепых, основателя библиотечной системы для слепых и слабовидящих граждан Казахстана, внёсшего большой вклад в развитие специальных библиотек.

В ходе мероприятия гости были ознакомлены с книжной выставкой «Оставил в памяти свой след...», посвященной 85-летию со дня рождения Александра Филипповича Сапелкина и провели презентацию «Биобиблиографический указатель, посвященный 85-ой годовщине со дня рождения Сапелкина Александра Филипповича», выпущенного рельефно-точечным и плоскопечатным шрифтами (РТШ, ППШ).

*Даржанова Г.Т.,
руководитель отдела литературы
по искусству и спорту РГУ «РБНСГ»*

Тиімді әріптестік

Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының директоры Алшинбаева Жанна Тұрарқызы Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Есіркепов Абзал Есенұлымен өзара алмасу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жасалған келісім аясында алдағы уақытта кітапхана тарапынан ұйымдастырылатын іс-шараларға қаланың ерікті жастары жұмылдырып, зағип азаматтармен жұмыс жүргізетін болады.

Сондай-ақ, жиында «Ерекше жандармен қарым қатынас» тақырыбында ерікті жастармен семинар – тренинг өтті.

Семинарға Тараз қалалық жастар ресурстық орталығы ұйымдастыру секторының инспекторы Спабек Еркебұлан Қасымбекұлы және Жамбыл облысы еріктілер қозғалысының жастары қатысты.

Іс-шара мақсаты: Қазіргі таңда зағип, көзі нашар көретін жандар қатары күн санап өсуіне байланысты оларға психологиялық, моральдық және физикалық қолдау көрсету, қалалық ерікті жастарды жоғарыда аталған азаматтармен дұрыс жұмыс жасау методикасымен таныстырып, оны тәжірибе жүзінде қолдануға үйрету. Семинар барысында «Зағип оқырмандармен қарым-қатынас», «Зағип адамға түсті сипаттау» тақырыптары бойынша тәжірибелік тренинг өткізілді. Жастар зағип, көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтар жайында кеңінен ақпарат алып, өз ойларында жүрген сұрақтарына жауап тапты.

*Айгул Уразкулова,
ақпараттық-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі*

Қазақ брайлінің атасы – Ақан Қасымов

К.К.Грот – XIX ғасырдың қозғам қайраткері «...Екі филантропқа Валентин Гаюи мен Луи Брайльге адамзат қазіргі уақытта көзі көрмейтін адамдардың іс-қимыл жасай және жұмыс істей алатынына борышты», - дейді.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Бұған менде келісемін. Себебі: Көзі көрмесе де көкірегі ояу, қолы іс білетін жандар бар. Жанарында кінәрат болғанымен, еңбегінде мін жоқ. Солардың бірі – брайль әліпбиіне қазақ әрпін енгізген Ертіс-Баян өңірінің тумасы Ақан Қасымовтың есімі зағиптардың жадында мәңгіге орын алуда.

Биыл саналы ғұмырын, айналасын бақытты ету жолына арнаған Ақан Қасымовтың туғанына 95 жыл. Ол 1928 жылы 23 наурызда Павлодар облысы, Ақсу ауданының Қ.Камзин ауылында дүниеге келген. Жеті жасында шешек ауруының салдарынан көз жанарынан айырылады. Баланың зеректігін, алғырлығын, пысықтығын ескерген ұстаздары 1938 жылы Алматыдағы арнайы мамандандырылған мектеп-интернатына оқуға жібереді. Аталмыш мектеп қабырғасында оқып, білім алған Ақан 1954 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік тамамдайды. Кейін сыныптасы В.Морозовамен шаңырақ көтеріп, ұлдары Асқар мен Сергей және Ирина есімді қызды дүниеге әкеледі.

Ақан Қасымов көз жанарынан айырылып, су қараңғы өмір кешкен, бірақ жарқын да жасын ғұмырымен әлі де нұр шашып тұр. Олай дейтініміз, өзі өмірден өтсе де атқарған ісі сан мыңдаған адамды бақытты қыла бермек. Осы уақытқа дейін бүкіл әлемдегі зағип жандар Брайль қаріпін сәтті қолданса, қазақ тілді оқырман А.Қасымовтың арқасында қол жеткізіп отыр.

А.Қасымов 1954-1970 жылдары өзі оқыған мектеп қабырғасында ұстаздық қызметін аса зор абыроймен атқарады. Мектепте сабақ бере жүріп зағип балаларға білім алу, қатарға қосылып қоғамның белді мүшесіне айналудың қиындығын тағы да басынан кешіреді. Жанарынан айрылған бейкүнә балалар, көкірек көзі сайрап тұрса да тағдыры алдында шарасыз жандарға, қайтсем көмектесем деген ой күндіз түні маза бермейді. Сөйткен тынымсыз ізденістер жемісін беріп, 1961 жылы Қазақ ССР Министрлігінің кеңесінде Брайль нүктелі-бедерлі қаріптегі алфавитке қазақ әріптерін енгізуді ресми түрде бекітті. Авторлары А.Қ.Қасымов және С.Х.Өтегенов еді.

Зағиптың күнін бір адамдай түсінетін Ақан Қасымов 1970 жылдан бастап Қазақ Соқырлар Қоғамының экономикалық,

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

өндірістік дамуына белсене араласады. Қазақ Соқырлар Қоғамының Орталық Басқармасының баспаханасында басшылық қызмет атқарады. Осы баспахана қызметінде жүргенінде 1963 жылы зағип жандарға арналған нүктелі-бедерлі қаріптегі қазақ тілді оқырмандарға арналған «Батырлар жыры» кітабы басылып шығады: Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен Тер» романы және тағы бір топ жазушыларының еңбектері басылып шыққан. Зағип жандарға арналған кітап шығарумен айналысқан баспаханадан алғашқы төрт жылда 29 түрлі шығарма басылған екен.

Ақан Қасымовтың көп қырының бірі, бірегейі - композиторлығы. Ол жастайынан музыка өнеріне аса әуес болады, мүмкін көзбен көру мүмкіндігі болмағандықтан, естігенін зердесіне тоқуға құмарлығы басым болды ма екен, кім білсін. Оны жалпақ жұртшылық композитор деп таниды. Әуесқой композитордың 50-ден астам әндері бар. Олардың 30-дан астамы Қазақ радиосының алтын қорында Е.Хасанғалиев, З.Қойшыбаева, В.Кармысова, Р.Мұсабаев сияқты белгілі әншілердің орындауында сақталған. Алғашқы әні жерлесіміз ақын Нұтфолла Шакеновтің сөзіне жазылған «Табамын сені» әні еді. Шығармашылығындағы эстрада симфониялық оркестрге де арнап жазған шоқтығы биік туындысы «Ертіс толқыны» әні деп бағаланады. Павлодар облысының төл перзенті туған жеріне әнмен ескерткіш қойған екен. А.Қасымов «Құрмет Белгісі» орденімен және көптеген грамоталармен марапатталған. Ардақты азамат 4 қазан 2001 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

Қазіргі кезде Павлодар облысының арнайы кітапханасы Ақан Қасымовтың нүктелі-бедерлі қаріптегі қазақ тіліндегі басылымдарын заманауи тифлоқұралдардың көмегімен кітап қорын толықтыруда. Абайдың «Қара сөздері», «Қазақтың батырлары», С.Торайғыровтың «Туған еліме» таңдамалы өлеңдер, А.Байтұрсынұлы «Өлеңдер жинағы», М.Әуезовтың «Барымта» әңгімесі, сонымен қатар Ертіс өңірінің зағип ақындары Сыздықов Мади «Жыр толғаулары», Жаңғабыл Сәбиев «Көңіл

толқыны», жергілікті аудармашы С.Сатыбалдиннің «Табиғат – тіршілік тірегі» сияқты өлеңдер мен ертегілер жинағы басып шығарылуда.

Міне, іскерлігі, азаматтығы бір төбе, өнерпаздығы бір төбе Ақан Қасымовтың өмірінің бір бөлігі осындай. Бүгінгі мақаламызға өзек боп отырған зағип жандарға ұлт перзенті ретінде жасаған азаматтығы көпке үлгі.

Ақан Қасымовтың есімін, ісін жалғастыру маңызды. Сол себепті заманауи ақпараттық, білім беру мен тифлоақпараттық кеңес беретін мамандандырылған орталық ретінде, қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайында арнайы кітапханалар ерекше миссияны орындайды, яғни оқырмандарға жедел қолжетімділікті қамтамасыз етеді деген ой алға жетелеуде. Алдағы уақыттан үміт көп.

*Айнагүл Қожыханова,
ақпараттық - бұқаралық бөлім басшысы*

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Охрана зрения и профилактика зрительных заболеваний

Зрение принадлежит к числу интереснейших явлений природы. Зрение дает людям 90 % информации, воспринимаемой из внешнего мира. Хорошее зрение необходимо человеку для любой деятельности: учебы, отдыха, повседневной жизни. И каждый должен понимать, как важно оберегать и сохранять зрение. Дефицит движений современного человека неизбежно пагубно отражается и на функциональных свойствах зрительного анализатора - наших глаз. С другой стороны, чрезмерные информационные нагрузки на глаза и мозг приводят к серьезным нарушениям и заболеваниям. В развитых странах каждый четвертый - близорукий. И особенно остро в последнее время этот вопрос встал из-за пагубного влияния дисплеев и компьютеров на зрение.

С раннего возраста необходимо вести активный образ жизни, закаливаться, заниматься физкультурой и спортом, соблюдать правила личной гигиены, словом, добиваться разумными путями подлинной гармонии здоровья. Зрение и движение неразрывны.

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

И действительно, глаза - самый подвижный наш орган. Еще И. М. Сеченов, отец русской физиологии, тесно связывал зрительное восприятие с деятельностью мышечного аппарата глаз. Он указывал, что мышцы не только обеспечивают изменение положения глаз в орбите, но и являются также механизмом, при помощи которого сознание получает информацию о пространственных отношениях внешнего мира. Дефицит движений в жизни современного человека неизбежно отражается на функциональных свойствах зрительного аппарата.

Условия учебной работы Каждый преподаватель должен иметь правильно организованное место для занятий и условия, которые не заставляли бы орган зрения перенапрягаться. К ним относятся, прежде всего, достаточная освещенность рабочего места как днем, так и в вечернее время; соответствие мебели (стол, парта) росту школьника; чередование зрительной работы с отдыхом для глаз.

Нередко школьники пользуясь очками в классе снимают их. Это неправильно. Во время учебы каждый, у кого понижено зрение, должен для предупреждения зрительного утомления и повреждения глаз пользоваться очками, назначенными врачом.

Роль физических упражнений при чтении, письме, рисовании, конструировании, помимо достаточной освещенности, очень важно соблюдать чередование этого вида деятельности с активным отдыхом, то есть переключением на физические упражнения. Советы родителям. Питание, врачи утверждают, что полноценное рациональное питание - важное условие сохранения здоровья и высокой работоспособности взрослых, а для детей еще и необходимое условие роста и развития. Рациональное питание - важнейшее неременное условие профилактики многих заболеваний. Большое значение для хорошего зрения имеет правильное питание, включающее достаточное количество витаминов, особенно В и А.

При искусственном освещении настольная лампа должна находиться слева и быть обязательно прикрытой абажуром, чтобы прямые лучи света не попадали в глаза. Оно необходимо для того, чтобы не создавался резкий переход при переводе взора

с освещенной тетради или книги к темноте комнаты.

Необходимо сказать и о рациональном, разнообразном питании, включающем овощи, фрукты, зелень, масло, молочные продукты, мясо, рыбу - источники витаминов, белков, микроэлементов, нужных для правильного роста и развития.

Упражнения для глаз оказывают своё полное действие, то есть укрепляют и развивают зрение, лишь в том случае, если выполнять их систематически - ежедневно и по нескольку раз в течение дня. Глаза, как и всякий орган, нуждаются в отдыхе: сама способность глаз к работе предполагает их отдых, а отдых для них – это упражнения, расслабление психики, и сон.

Все выше перечисленные рекомендации, принципы и методики очень важны для охраны зрения и профилактики различных нарушений зрения для всех возрастных групп, особенно детей, что позволяет вовремя избежать осложнений.

Положительный результат обязательно будет при комплексном, регулярном применении указанных лечебно-профилактических действий!

Но в любом случае не помешает консультация у врача-офтальмолога.

Необходимо помнить, что заболевание легче предупредить, чем лечить!

Будьте здоровы! Берегите зрение!

Асельбекова Д. С.

// Дефектология. – 2023. – Август (№ 8). – С. 10-13

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Уважаемые пользователи!

Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами.

Абдуллаев Ч. «Тверской бульвар». В трех книгах.

Она - всего лишь скромная сотрудница адвокатской конторы... а по совместительству - гениальный детектив-любитель! Так думают все ее знакомые, и однажды собственная кухня звонит ей, умоляя помочь в огромной беде... Бесследно исчез сын известного ученого.

Арсеньев В. «По Уссурийскому краю». В пяти книгах.

«По Уссурийскому краю» - первое и одно из самых известных литературных произведений Владимира Арсеньева, описывающее его путешествия 1902 и 1906 годов по горным областям Сихотэ-Алиня. В книге читатель найдёт зарисовки природы Уссурийского края и жизни населяющих её людей: русских китайцев, корейцев, удэгейцев и др. Особое место занимает история знакомства и отношений писателя с проводником гольдом (нанайцем) Дерсу Узала, ставшим ему другом.

Ахметов Р. «Растения – твои друзья и недруги». В семи книгах.

В этом издании впервые в отечественной литературе по фитотерапии даются сведения о противопоказаниях лекарственных растений. Рим Ахмедов, автор широко известной книги «Одолень-трава», рассматривает более трехсот растений с их побочными проявлениями, что позволит читателям грамотно, без вредных последствий для здоровья, использовать растительные средства при лечении различных заболеваний.

Бенаквиста Т. «Все для эго». В двух книгах.

Рассказы Бенаквиста — это романы в миниатюре, это экскурсии в дебри человеческого подсознания, это непредсказуемые повороты сюжета и необычные концовки. Бенаквиста строит увлекательные сюжеты на основе самых заурядных ситуаций, блистательно пародирует литературные и «жизненные» штампы и приглашает читателя взглянуть на обыденную жизнь с самой неожиданной стороны.

Бенаквиста Т. «Кто-то другой». В четырех книгах.

Тонино Бенаквиста получил множество премий в области литературы, завоевал половину цивилизованного пространства потрясающим чувством юмора, отличным языком и способностью находить сюжеты и крайне запутанные интриги там, где их, кажется, в принципе быть не может, написал знаменитый роман «Сага» - и в итоге стал одним из самых известных современных писателей не только Франции, но и всей Европы!

Берсенева А. «Яблоки из чужого рая». В пяти книгах.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

И рай может показаться адом, если этот рай - чужой и ты лишь со стороны любишь яблоками на его деревьях... Так встречает свой сорокалетний юбилей Анна Ермолова. Внешне все у нее обстоит благополучно: муж занимается бизнесом, сама она издает журнал, настолько же изысканный, насколько и популярный, взрослый сын любит ее и уважает. На самом же деле Анна давно уже столкнулась с проблемой многих женщин, которых психологи называют «жертвами раннего брака»: у мужа есть еще одна семья, и в этой семье растет дочь... Как вести себя в такой ситуации? Что лучше - продолжать жить с мужем под одной крышей или остаться в одиночестве? Ответ на этот вопрос Анна находит неожиданно, решив исследовать историю семьи Ермоловых.

Берсенева А. «Неравный брак».

Судьба школьной учительницы Евы Гриневой наконец-то устроена: ее муж умен и порядочен, она живет с ним в Вене, среди ее друзей - австрийские аристократы и художники. Но вся ее хорошо налаженная жизнь идет прахом... Неожиданная любовь к мужчине, который на пятнадцать лет ее моложе, кажется скандальной всем, кроме Евиного брата Юрия. Ведь и его любовь к тележурналистке Жене Стивенс возникла вопреки всему. Юрий Гринев, врач МЧС, не может дать Жене того, чего, как он уверен, вправе ожидать от мужа телезвезда: денег, светских удовольствий и прочих житейских благ. Но Юрий, как и его сестра Ева, больше доверяет голосу сердца, чем доводам разума...

Берсенева А. «Азарт среднего возраста». В четырех книгах.

В чем состоит кризис среднего возраста? В том, что из жизни уходит азарт. Семейный быт стал рутинным. Дети выросли, у них свои интересы. Карьерные высоты взяты. Тогда и наступает растерянность... Чего добиваться, в чем искать жизненный кураж? Этот неизбежный вопрос задает себе успешный бизнесмен Александр Ломоносов. И вдруг на его пути появляется женщина - юная, красивая, «с перчинкой». Источник нового азарта найден! Но тут-то и выясняется, что жизнь идет не по правилам психологического тренинга. И в прошлом самого

Александра, и в истории семьи Ломоносовых немало событий, которые создают сложный и тонкий рисунок судьбы... Но как разобраться в причудливых линиях этого рисунка?

Берсенева А. «Первый, случайный, единственный». В пяти книгах.

К двадцати годам художница Полина Гринева окончательно убеждается в том, что в жизни нет ничего скучнее отношений с мужчинами - самовлюбленными существами. Полину не интересуют ни «концептуальная», ни «красивая» жизнь окружающих ее мужчин. Ее притягивает совсем другое: Полина занимается мозаикой, у нее появляется возможность реализовать свои планы, да еще в очень необычных условиях. Поэтому она не обращает особенного внимания на знакомство с кинооператором Георгием Турчиным. Полина еще не знает, как заметно он отличается от ее знакомых и какой «сильный магнит» появился теперь в ее жизни...

Бикчентаев А. «Адъютанты не умирают».

Повесть талантливого башкирского прозаика, переносит читателя на героический остров Куба.

Подготовил Мырзабеков Алмас

ЭТО ИНТЕРЕСНО

Иметь свой взгляд

Врач-офтальмолог поликлиники при городской клинической больнице № 7 Алуа Уразгалиева назвала наиболее опасные заболевания, которые могут стать причиной слепоты.

Стоит знать, что существует внезапная потеря зрения, если она развилась в течение периода от нескольких минут до пары дней. Это может произойти на одном или обоих глазах, либо может быть потеряно все поле зрения или его часть, - поясняет Алуа Уразгалиева. Чтобы этого не случилось, важно обращать внимание на ряд диагнозов.

Глазная мигрень. Это вид мигрени, вызывающий нарушение зрения. Среди симптомов - мерцающие пятна неправильной формы, которые медленно перемещаются по полю зрения одного глаза в течение 10-20 минут. Иногда размытость центрального зрения, головная боль после нарушения зрения. Часто появляется у молодых больных или у больных, страдающих мигренями.

Отслоение сетчатки. Если вы замечаете внезапные спонтанные вспышки света, которые могут выглядеть как молния, пятна или звездочки, которые случаются время от времени, то это признак серьезного заболевания - отслоения сетчатки. Врачи могут помочь восстановить зрение и снять угрозу его потери, если к ним вовремя обратиться.

Инсульты или транзиторные ишемические атаки. Это может привести к потере одних и тех же частей поля зрения на обоих глазах. В случае инсульта важно вовремя оказать пациенту первую помощь и вызвать скорую как можно скорее.

Закрытоугольная глаукома. Признаки этого заболевания - сильная боль и покраснение глаза, головная боль, тошнота, рвота и повышенная чувствительность к свету. Нарушение зрения, например, ореолы вокруг огней.

Язва роговицы. Часто у пациентов с язвой роговицы заметно сероватое пятно на роговице, которое позже превращается в открытую болезненную ранку. Чувствуется боль в глазу или ощущение инородного предмета.

Неврит зрительного нерва. Это воспаление зрительного нерва, его признаки - незначительная боль, которая может усиливаться при движении глазами, частичная или полная потеря зрения, веки и роговицы в норме. - Всем больным, у которых произошла внезапная потеря зрения, необходимо в экстренном порядке обратиться к офтальмологу. Берегите ваши глаза - это поможет вам сохранить четкость зрения, чтобы видеть мир таким прекрасным, каким он является.

Глушаева Наталья

// Вечерний Almaty. - 2023. – 20 апреля (№ 50). – С. 18

РБНСГ - ВЕСТИ



Шахматный турнир



Международная онлайн-конференция



Қазақ брайлінің атасы
– Ақан Қасымов



Тиімді әріптестік



Ашық есік күндері

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 214

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии ИП СТАРКОВ С.А.

Акмолинская область, г. Кокшетау, Акана серэ, 140

тираж 100 экз. Заказ № 616

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Баймуратова Н.Д.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Богенбай батыра, 214

тел.: 399-90-79

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Материалы публикуются в авторской редакции.